

**Жастар корпусын дамыту жобасының  
үйлестіру агенттігі**

Астана қ., Қонаев к-сі, 12/1, «Сулы-жасыл желек жолда» БО,  
тел. 8 (7172) 500-771, zhasproject.kz

---

# **ЖАСТАР КОРПУСЫН ДАМЫТУ ЖОБАСЫ**



## **1-КОМПОНЕНТ**

**«Қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту және өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту бағдарламасын қолдау»**

2017 жыл

---

# Жастар корпусын дамыту жобасы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 18 ақпандағы № 454-V Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (Дүниежүзілік банкі) арасындағы 2015 жылғы 10 қыркүйектегі №TF014174 грант туралы келісімі шеңберінде іске асырылады

## ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

жастардың, әсіресе осал топтардың қоғамдастық өміріне тартылуын ынталандыру, сондай-ақ қоғамдастықтың игілігі жолында қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту бағдарламасы арқылы олардың өмірлік маңызы бар дағдыларын дамыту

## ЖОБАНЫҢ НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТІ:


1-компонет «Қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту және өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту бағдарламасын қолдау»

## ЖОБАНЫҢ БЕНЕФИЦИАРЛАРЫ:

**18-ден 29 жасқа дейінгі жас адамдар.**

**Негізгі басымдылық** – оқымайтын және жұмыс істемейтін, кәсіптік қайта даярлауға тартылмаған жастар; жұмыс істейтін, бірақ кедейлік шегінен тыс қалып отырған жастар

## ІСКЕ АСЫРУ АЙМАҚТАРЫ (2017 ж.):



\*Осал жастардың үлесі және кесімді деңгейі (2012 жыл)

## Жобаның 1-компоненті

«Қоғамдық пайдалы қызмет дағдыларына оқыту және өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту бағдарламасын қолдау» 1-компоненті – Жобаның негізгі және ең ауқымды компоненті, оған кіреді:

1	2	3	4
жастар топтарына әлеуметтік маңызы бар кіші жобаларды іске асыруға арналған гранттар мен әлеуметтік шәкіртақылар ұсыну	жас адамдарды өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту және жобаларды басқару бойынша оқыту	Жастардың осал топтарымен жұмыс жүргізу	тиімді ақпараттық - түсіндіру науқанын және жастармен кері байланыс пен мәселелерді шешу тетігін іске асыру

**ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢІ: пилоттық жыл – 2017 жыл, ұзарту мүмкіндігімен**

**Жобаның 1-компонентінің жосапарланған көрсеткіштері (іске асырудың 3,5 жылы ішінде):**


**8 500** бенефициар

**5 100** бенефициар осал жастардың санатынан **(60%)**

**55%** қатысушы – әйел жынысының өкілдері

**5%** мүмкіндігі шектеулі қатысушылар

Жоба 1-компонентінің операторы үш республикалық ұйымның: «Қазақстанның жастар конгресі» ЗТБ, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы» ЖМ бірлестігі болып табылатын Үйлестіру агенттігі болды



## Гранттық бағдарламаға қатысу үшін жас адамдар:

1

### кіші жобалық өтінімді ұсыну тәсілін таңдауы

#### қабылдаушы ұйым арқылы

Топтың құрамындағы қатысушылар (3-5 адам) өтінімді дайындауда, ұсынуда және кіші жобаны іске асыруда көмек алу үшін қабылдаушы ұйымдарға жүгіне алады.

Қабылдаушы ұйым өтінімді жастар тобының атынан ұсынады. Бір қабылдаушы ұйым 7-ден артық емес кіші жобалық өтінім ұсына алады.

#### жастар бастамашыл тобы арқылы

Жас қатысушылар өтінімдерді ұсыну және жобаны іске асыру үшін жастар бастамашыл тобына (3-5 адам) өз беттерімен бірігіп, топтың көшбасшысын белгілей алады.

Кіші жобалық өтінім топ көшбасшысының атынан ұсынылады. Бір бастамашыл топ 1 кіші жобалық өтінім ғана ұсына алады.

Бір жас адам тек бір кіші жобаға ғана қатыса алады.

2

### кіші жобалық өтінімді [www.zhasproject.kz](http://www.zhasproject.kz) порталында онлайн режимде ұсынуы

Кіші жобаның атауы

Кіші жобаны іске асыру аумағы

Кіші жобаның мақсаты

Кіші жобаның мақсатты тобы

Кіші жобаның қысқаша сипаттамасы, әлеуметтік әсері

3

### үш кезеңдік конкурстық іріктеуден өтуі

4

### Өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту бағдарламасына қатысуы тиіс

Өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту бағдарламасы **6 айға** есептелген және оған:

- Жобаның бенефициарлары үшін бастапқы алты күндік тренинг;
- кіші жобаларды іске асыру жоспарлары мен бюджеттерін түзету;
- кіші жобаларды бес айлық тәжірибелік іске асыру;
- қорытынды алты күндік тренинг;
- бенефициарлардың кіші жобаларды орындау туралы бағдарламалық және қаржы есептерін тапсыру кіреді.

Өтінімдерді іріктеу кезеңдері:

1

Техникалық іріктеу

2

Бағалау комиссиясының іріктеуі

3

Қатысушыларды кездейсоқ іріктеу тәсілімен бөлу

Үш кезеңдік іріктеу қорытындылары бойынша бенефициарлардың 3 тобы қалыптастырылады:

### А ТОБЫ

А тобының қатысушыларына өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту және жобаларды басқару бағдарламасына қатысу, сондай-ақ өз кіші жобасын гранттың қаражаты есебінен іске асыру және ментордың қолдауын алу мүмкіндігі беріледі

### В ТОБЫ

В тобының қатысушыларына өз кіші жобаларын гранттың қаражаты есебінен іске асыру мүмкіндігі беріледі

### С ТОБЫ

С тобының қатысушыларына өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту және жобаларды басқару бағдарламасына қатысу, сондай-ақ ментордың қолдауын алу мүмкіндігі беріледі

≈ 3 000 бенефициар

### ГРАНТТАР

**1 000 000 теңге** – гранттың ең көп сомасы

#### Әлеуметтік шәкіртақы:

**26 000 теңге** – мектеп түлектеріне, ТжКБ ұйымдары мен ЖОО студенттеріне

**61 000 теңге** – ТжКБ ұйымдары мен ЖОО түлектеріне

### ОҚЫТУ

**6 ай** – оқытудың ұзақтығы

**шілде** – ӨМД және ЖБ бойынша бастапқы 6 күндік тренинг

**шілде-қараша** – өз кіші жобасын тәжірибелік іске асыру

**қараша** – ӨМД және ЖБ бойынша қорытынды 6 күндік тренинг

### МЕНТОРЛАР

Қатысушылармен айына **2-ден кем емес кездесу**

Менторлар кіші жобаларды іске асырудағы мәселелерді шешуге, мемлекеттік органдармен және өзге ұйымдармен байланыс орнатуға, командадағы жанжалды реттеуге көмектеседі (А тобы)

Менторлар грантсыз кіші жобаларды іске асыруға, сондай-ақ жеке тәсілдемеде кәсіби дамуға көмектеседі (С тобы)

## Кіші жобалардың мүмкін бағыттары

БІЛІМ БЕРУ ЖОБАЛАРЫ

СӨС ЖӘНЕ СПОРТ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТ

ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ  
АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР  
ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛЕР

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНИКА

АУЫЛДЫ ДАМУ

ТУРИЗМ

ВОЛОНТЕРЛІК БАСТАМАЛАР

БАСҚАЛАРЫ

Жастар топтары кіші жобалардың аталған бағыттарымен шектелмей,  
кез келген қоғамдық пайдалы жобаны ұсына алады

## Қабылдаушы ұйым – бұл конкурстық негізде іріктелген, Жобаның гранттық бағдарламасына қатысуға құқылы ұйым

### Қабылдаушы ұйым болуға құқылы:

- ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес **жастар ұйымдары**;
- Жарғылық мақсаттарында жастарды дамыту мен қолдау бойынша қызмет қарастырылған қоғамдық бірлестіктер, қорлар, заңды тұлғалар бірлестіктері, мекемелер нысанындағы **коммерциялық емес ұйымдар**;
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламаларын іске асыратын, жарғылық мақсаттарында жастарды дамыту мен қолдау бойынша қызмет қарастырылған **жеке ұйымдар**.

### Қабылдаушы ұйымдардың негізгі функциялары:

- жастардың әртүрлі санаттары арасында гранттық бағдарламаның шарттары туралы ақпараттық-түсіндіру науқанын ұйымдастыру және өткізу;
- жас адамдарға кіші жобалық өтінімді дайындау мен ұсынуда ұйымдастырушылық және консультациялық қолдау көрсету;
- Жобаның ақпараттық порталында жастар тобының атынан кіші жобалық өтінімді ұсыну;
- кіші жобаларды іске асыру бойынша жастар тобын қалыптастыруда жас адамдарға қолдау көрсету;
- жас адамдардың (кіші жобалардың орындаушылары) кіші жобаларды іске асыруға және оқыту бағдарламасына қатысуын қамтамасыз ету;
- кіші жобаларды іске асыру барысын бақылауды жүзеге асыру;
- кіші жобаларды орындау шеңберінде барлық қаржы операцияларын жүргізу;
- кіші жобаларды орындаушыларға кіші жобаларды іске асыру бойынша бағдарламалық есептерді даярлауға көмек көрсету;
- кіші жобаларды іске асыру бойынша қаржы және бағдарламалық есептерді ұсыну.



## Қабылдаушы ұйымдарды конкурстық іріктеу

(ұйымдардан конкурсқа өтінімдер қабылдау мерзімі – 2017 жылғы 14 сәуір, 23.00 сағатқа дейін [konkurs@zhasproject.kz](mailto:konkurs@zhasproject.kz) электрондық поштасына)

### іріктеу өлшемдері:

- кіші жобаның іске асырылу аумағында (облысында) 1 жылдан кем емес заңды тіркелуі;
- мәлімделген қызметтің жарғылық мақсаттарға және ұйымның қызметіне сәйкесуі;
- жастардың қатысуымен өткізілген әлеуметтік жобаларды іске асыру саласында тәжірибесінің болуы;
- басшының және есепшінің болуы;
- салық және өзге берешектерінің болмауы;
- ұйым қызметтерді жосықсыз жеткізушілер тізілімінде болмауы тиіс;
- барлық талап етілетін құжаттардың болуы. (өтінімнің нысанына сәйкес)

**ҮА және қабылдаушы ұйым арасында Ынтымақтастық туралы меморандум жасау**

**Қабылдаушы ұйымдардың тізімі [zhasproject.kz](http://zhasproject.kz) порталында ашық қолжетімділікте болады**

**Бір қабылдаушы ұйым гранттық конкурсқа жастар топтарының атынан 7 кіші жобаға дейін ұсына алады**

Қабылдаушы ұйымдарға әр кіші жоба бойынша грант беру туралы шарттың **сомасынан 15% мөлшерінде** үстеме шығындарды жабуға арналған өтемақы төленеді.

**Үстеме шығындарға** ұйымның басшысы мен есепшісіне еңбек ақы төлеу, кеңсені жалдау, жабдықтарды, кеңсе тауарларын, шығыс материалдарын сатып алу, байланыс қызметіне, көлік, курьерлік және банк қызметтеріне арналған шығындар, іссапар шығындары кіреді.

## Менторлар

## Бенефициарлар

## Даярлау

**Бағдарлы семинарлар** (бір күндік):

- ✓ бенефициарлар үшін (4 сағат) қатысу және кіші жобаны жазу туралы;
- ✓ әлеуетті менторлар үшін (2 сағат) ментордың рөлі, функциялары және Жобаға қатысу мүмкіндіктері туралы

## I кезең

6 күн – шілде

Жаттықтырушы сарапшылар өткізеді

- ✓ ӨМД дамытуда әртүрлі интерактивті әдістер мен тәсілдемелер
- ✓ Белсенді тыңдаушы, кері байланыс дағдылары
- ✓ Фасилитация және жастар үшін ӨМД мен ЖБ бойынша тренингтер өткізу дағдылары
- ✓ Жастарға кіші жобаларды іске асыру және жеке даму бойынша тәлімгерлік

Жұмысқа және бенефициарларға тренингтер өткізуге рұқсат беру үшін менторларды сертификаттау

6 күн – шілде

Сертификатталған менторлар өткізеді

- ✓ ӨМД дағдылары
  - өздігінен реттеу құралдары
  - шешімдер қабылдау
  - өзгелермен өзара әрекеттесу
  - жанжалдарды басқару
- ✓ Жобаны басқару дағдылары
  - жобаны жазу
  - бюджетті жоспарлау
  - тәуекелдерді бағалау

## II кезең

Әрекет арқылы және I кезеңде алынған дағдыларды қолдану арқылы оқыту – 5 ай

- ✓ бенефициарлардың кіші жобаларды іске асыруы
- ✓ менторлардың кіші жобаларды іске асыру бойынша және/немесе жеке дамуы үшін көмектесуіне бенефициарлармен ай сайынғы кездесулері

*1 менторға 2 кіші жобадан артық емес (ең көп дегенде 10 адам)*

## III кезең

3 күн – қазан

Жаттықтырушы сарапшылар өткізеді

- ✓ Әрекет арқылы және бенефициарлардың 5 айда алған дағдыларын қолдану арқылы оқытуды талдау
- ✓ Жастар үшін қолжетімді ресурстарды талдау (қаржыландыру бағдарламалары, әлеуметтік кәсіпкерлік)
- ✓ Жобалардың іске асырылуын бағалау бойынша құралдар

6 күн – қараша

Сертификатталған менторлар өткізеді

- ✓ Командадағы өз рөлін және жастар мен қоғамдастықты дамытудағы үлесін талдау
- ✓ Болашақты жоспарлау (кіші жобаны немесе жеке мансапты)
- ✓ Кіші жобаны бағалауды өткізу

## Менторларды іріктеу

### Ментор бола алады:

- Белсенді тұрғындар
- ТжКБ ұйымдарының қызметкерлері
- Қоғамдық ұйымдардың өкілдері
- ЖРО қызметкерлері
- Әлеуметтік жұмыскерлер
- Кәсіпкерлер

Менторлар Алматы, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарында тұруы тиіс

### Өтінімге кіреді:

- Онлайн сауалнама (сілтеме zhasproject.kz және әлеуметтік желілерде)
- Анықтамалар (ХҚКО-нан мекенжай, сотталғандығы болмауы туралы, психиатриялық және наркологиялық диспансерлерден)
- Жұмыс берушіден ұсыныс хат

### Өлшемдер

- 21 жастан асқан
- Әлеуметтік салада немесе жастармен, әсіресе жастардың осал топтарымен жұмыста 3-тен кем емес жұмыс тәжірибесі
- Жобаларды/іс-шараларды ұйымдастыру және іске асыруда тәжірибесінің болуы артықшылық болып табылады
- Білімінің болуы (орта арнайы, жоғары)

### Іріктеу процесі

- 1) **Техникалық іріктеу** – құжаттар тізіміне және негізгі өлшемдерге сәйкестік (өтінімдердің түсуіне қарай).
- 2) **Телефонмен сұхбат** (деректердің нақтылығы және Жобаға қатысу уәждемесі).
- 3) **Ішкі комиссияның іріктеуі** – өтінімнің және телефонмен сұхбаттың негізінде

## Менторлардың атқарымдары мен артықшылықтары

### атқарымдары

- бенефициарлар үшін оқыту жүргізу
- бенефициарларға
  - ❖ кіші жобаларды іске асыруда,
  - ❖ қойылған мақсаттарға жетуде,
  - ❖ жеке және кәсіби өсуге әкелетін сапаларды дамытуда жәрдемдесу мақсатында топ мүшелерімен ай сайынғы топтық және жеке кездесулер өткізу.
- ҰА-ін кіші жобаның іске асуына теріс әсер ете алатын кез-келген бұзулар мен фактілер туралы хабарландыру

### артықшылықтары

- Тренингтер өткізуді және жастармен тәлімгерлікті оқыту
- Жаттықтырушы мен ментордың сертификаты (оқытуды сәтті аяқтаған жағдайда) және Жоба бойынша тренингтер өткізу мүмкіндігі
- Шарттың талаптарын орындау жағдайында сыйақы төлеу:
  - ❖ Бенефициарлармен сессиялар өткізу (айына 20 сағаттан кем емес),
  - ❖ Әр сессиядан кейін онлайн хаттамалар рәсімдеу

## Тарту тетіктері

**Жастардың осал санаттарымен жұмыс істейтін серіктестермен өзара әрекеттесу**

Кездесулер мен тұсаукесерлер

Менторлар ретінде тарту

Бенефициарлар арасында ақпарат тарату

**Пилоттық бағдарлама шеңберінде жастардың осал топтарын тарту бойынша ақпараттық-түсіндіру науқаны**

Ақпараттық кездесулер мен семинарлар

Жастардың жиналу орындарындағы промо-акциялар

Нүктелі консультациялар

## САНАТТАР:

### Осал жастар:

- Оқымайтын және жұмыс істемейтін, кәсіптік қайта даярлауға қатыспайтын жастар
- Жұмыс істейтін, бірақ кедейлік шегінен тыс қалып отырған жастар

### Мүмкіндіктері шектеулі жастар

Тіркелген жұмыссыз жастар

NEET-жастар

Өнімсіз өзін-өзі жұмыспен қамтитын жастар

Отбасының 1 мүшесіне ең төменгі күнкөріс деңгейінен 40%-дан төмен табысы бар жастар – шамамен 9 000 теңге

2017 жылы – шамамен 50 %

2017 жылы – шамамен 2 %

### **МАҢЫЗДЫ!!!**

Жастар осал топтарының өкілдері кіші жобалық өтінім ұсыну кезінде осалдық мәртебесін растайтын құжаттарды еркінше қоса бере алады (жұмыссыз мәртебесі туралы анықтама, зейнетақы төлемдері туралы анықтама, мүгедектік туралы анықтама, табысы туралы анықтама, отбасының құрамы туралы анықтама).

**Жастар корпусын дамыту жобасының  
үйлестіру агенттігі**

Астана қ., Қонаев к-сі, 12/1, «Сулы-Жасыл Желек Жолда» БО,  
тел. 8 (7172) 500-771, zhasproject.kz

---

**Назар аударғандарыңызға рақмет!**